

**Көсембай негізгі мектебі**

**Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы**

**Тақырыбы: Ер есімі –ел есінде.**

**Күні: 12.10 2023 ж**

(Айтыскер ақын Оразалы Досбосынұлына арналған танымдық сабағы)

**Таным сабағының мақсаты:** қазақ айтысына өзіндік қолтаңбасымен, үн-лебімен келген айтыскер ақын, алдаспандай жырларын жарқ еткізіп, қазақ айтыс өнерін жаңаша түлетіп, заманның зарын айтып, ақиқатын аршыған ақтаңгер ақын Оразалы Досбосынұлы туралы оқушыларға кеңірек таныстыру.

**Тәрбиелілігі:** газет-журналдарда жарық көрген ой-толғамдары, ыстық лебіздерін бере отырып, оқушыларды ұлтжандылыққа, сыйластыққа, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** ақынның өмірінен сурет-шежіре, слайд көрсету, «Оразалы Досбосынұлы 1-бөлім», «Бір туынды тарихы» циклі: «Сағындым сені» деректі фильмдері. Ақын туралы ой –пікірлер.

**Жүру барысы:**

**Ұйымдастыру.**

**I.«Құлмамбеттің құлыны»**

**II. «Таным мен парасат»**

**III. «Бір туынды тарихы» циклі: «Сағындым сені» деректі фильмі**

**IV. Талантқа тағзым.**

(Оразалы туралы ой –пікірлер)

**V.Кері байланыс. «Қарама –қарсы саптар»**

**Кітапханашының сөзі:**

Қазақ халқы қай кезде болмасын ақын-жазушыларымен мақтана алады. Сан ғасырлар бойы жалғасып келе жатырған тарихты, мәдениетті, әдебиетті дамытушылар, өнерге ат салысқан дарынды тұлғаларымыз жетерлік. Сондай ірі тұлғалардың бірі, көненің көзі, асылдың сынығы, халық ауыз әдебиетінің алтын құймасы – жасындай жарқ еткен айтыс өнерінің майталманы – туралы сыр шертеміз.

Бүгінгі «Ер есінде –ел есінде» атты танымдық сабағымызда еске алатын белгілі тұлғаның есімін сандар арқылы жасырамын. Сіздер әріптердің реттілігі мен жасырынған тұлғаның аты -жөнің табасыздар.

**Жетекші сұрақтар:**

- 1) «Ақын» деген кім?
- 2) Белгілі ақындардан кімдерді білесіңдер?
- 3) Ал, айтыскер ақындардан кімдерді білесіңдер?
- 4) Жазба ақын мен айтыскер ақынның қандай айырмашылығы бар?

**I.«Құлмамбеттің құлыны» Өмірбаянына шолу**

Бүгінгі танымдық сағатымыз Оразалы Жарылқасынұлы Досбосынов – 1975 жылы қарашаның он бесінде Алып Алатаудың қатпарындағы Райымбек ауданына қарасты Текес ауылында дүниеге келген. Он екі ұлдың кенжесі, мектеп жасынан-

ақ томпаңдап қара домбырасын арқалап, жасынан көпшіліктің назарына ілініп, уақыт өте алты алаштың айбынындай болған айтыскер ақын. Өзіндік мақамы, елден ерек ойлауы мен ойын жеткізуі, сегіз секундта сегіз тармақ құрайтын суырып салмалығы, шыншылдығы, көзі ашық, асқан ұлтшылдығы талайды өз өнеріне бас идірген үлгі тұтар азаматқа айналдырды. 22 жасында бір кеште бес ақынмен айтысып азулы ақындығын барша жалпақ жұртқа паш етті.

Айтыс өнерінде ерекше мақамымен реформатор ақын ретінде танылған Оразалы көзі тірісінде "Құлмамбеттің құлыны" атанған.

**II. «Таным мен парасат».** Оразалы Досбосынұлы 1- бөлім деректі фильм көрсету. Фильм нәтижесінде **«ОРАЗАЛЫ» сөзіне кластер құру.**

**III. «Бір туынды тарихы» циклі: «Сағындым сені» деректі фильмі**

Ән туралы және отбасы туралы ақпарат беру.

Ажар Түзелбекқызы 1977 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Тасты ауылында дүниеге келген. Тілі шықаннан ән салып, ел алдында өнер көрсеткен. Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясына өз күшімен түсіп, әншілік оқуды тәмәмдаған. Оның «Сағындым сені», «Анаға хат», «Бақыттымын» әндері халық арасында кеңінен тараған. Алматы облысы Шонжы ауылынан келе жатып көлікпен аударылған Оразалы Досбосынов 30 жасқа толар уақытында дүниеден өтті. Ажардың «Сағындым сені» әні Орзалы ақынға арналған естелік әні еді. Ақынның артынан екі жылдан кейін жары Ажар Түзелбекқызы да 2011 жылы жол апатынан қайтыс болады. Өнер адамдарының артынан Нұрайша есімді қыздары мен Нұрсұлтан есімді ұлдары қалды.

**IV. Талантқа тағзым.** Оразалы туралы ой –пікірлерді оқушыларға оқыту.

Оразалы ақынның негізгі ұстанымы – жан баласына жамандық жасамау, ешкімнің ала жібін аттамау, адал еңбек ету еді. «Біреудің көңіліне қарап, пікірімен келісу міндетті емес. Әркім өз оймен, өз көзқарасымен қалуы дұрыс», -дейтін.

Оразалы ескілерден қалған із, солардан қалған жұрнақ еді. Ол айтысқа түскен сайын кешегі Сүйінбай, Жамбыл, Шөже, Кемпірбай, Кенендерді көз алдыма елестетуші едім. Оразалыда жасанды сөз болмайтын. Әуені де орнықты шығатын. Ол өзінің қысқа ғана ғұмырында тыңдармандарын алдаған жоқ. Және олардың көңілінен шыға білді. Біз Оразалыдан үлкен үміт күтетінбіз. Түбі алысқа шабатын ақын еді. Өмірден ерте өтті. Бірақ Оразалы қазақтың бүгінгі айтысында жарқын ізін қалдырып кетті. Оразалыға еліктейтін ақындар қазір де аз емес. Ол қай заманда да, қай кезде де қазақ барда сонау ертеден бастап бертінгі дәуірдегі жаңа замандағы тәуелсіздікті жарқырата жырлаған ақындардың санатында болады.

**Мырзатай Жолдасбеков**

академик ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері

От ауызды, орақ тілді Ораз тек қана ақын емес, ол ауыз әдебиетін жетік меңгерген фольклоршы әрі тарихты тереңнен қозғай білетін, бойына шешендікті, шеберлікті дарытқан аузы дуалы шайыр еді. Айтыс үстінде мақамды бірнеше түрге құбылтып,

тыңдаушысын айрандай ұйытып, ұршықтай иіріп алатын қасиет Оразалыда ғана болатын. Жетісу айтыс ақындарының да мақам-саздарын жаңғыртып, жыр додасына алып келген әрі бірегей ақберен жүйрік осы азамат еді.

### **Айтақын Бұлғақов, ақын**

Айтыскер ақын Оразалының құлағына қай періште сыбырлайтынын кім білсін, адам естімеген қайдағы оқыс та тапқыр теңеулер оның төкпе шумақтарының жалын күдірейтті, жонын биіктетті.

### **Жүрсін Ерман**

ақын, айтыс ұйымдастырушысы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері

Оразалы – көненің көзі, асылдың сынығы, халық ауыз әдебиетінің алтын құймасы.

### **Қалихан Ысқақ,**

жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

### **Кері байланыс. «Қарама-қарсы саптар»**

**Қорытынды сөз:** «Аспаннан алты құлаш жыртып алып, Рухын көк тәңірдің ту қылған ел», – деп айтқан екен бір айтыста. Аспанның өзінен жаралған көк байрақ төбемізде тұрғанда, жап-жас жүрегін жырға орап, қазағына тарту еткен "Айтыстың алхимигі", "Құлмамбеттің құлдыраған құлыны"... Айтыс өнерінің ақтаңгері болып аты алтын әріппен тарих сахнасында мәңгі қаларлық орыны бар дүлдүлімізді қазақ халқы мәңгі ұмытпайды. Өмірде осындай жанның болғаның ұмытпаңыздар!

**Ақпарат дереккөзі:** <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/29059/>



Нравится natashazhomartova и ещё 16

kitaphana\_knm "Төрт тоқсан - төрт өнер" ұлттық мәдени - ағартушылық жобасы аясында I - тоқсан ақындар айтысы бойынша "Ер есімі - ер есінде" тақырыбында қазақ айтысында өзіндік қолтаңбасымен, үн- лебімен келген айтыскер ақын, алдаспандай жырларын жарқ еткізіп, қазақ айтыс өнерін жаңаша түлетіп, заманының зарын айтып, ақиқатын аршыған ақтаңгер ақын Оразалы Досбосынұлына арналған танымдық сағаты өтілді. Ұйымдастырушы: Қалиева Б. С

Смотреть все комментарии (7)

